

Мектепке дейінгі ұйымға кезекке қою туралы өтініш беру ережелері

Өтініш тек электрондық түрде беріледі. Өтініш беру барысында өтініш берушіден міндетті түрде келесі ақпаратты көрсету талап етіледі:

1. екі жұмыс істейтін ұялы телефон нөмірі;
2. заңды өкілдің ЖСН-і;
3. баланың ЖСН-і.

Ұялы телефон нөмірлері өтініш беру кезінде бір реттік парольдерді жіберу үшін қолданылады. Кейін, кезекке қойылғаннан кейін, бұл нөмірлер өтініш берушінің жеке кабинетін құру және белсендіру, сондай-ақ электрондық хабарламаларды тарату үшін пайдаланылады.

Кезекке қою туралы өтініш жалпы немесе түзету кезегіне берілуі мүмкін. Жалпы кезек – жалпы білім беретін мектепке дейінгі ұйымдарға қабылдауға арналған. Түзету кезегі – ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларға арналған арнайы мектепке дейінгі ұйымдарға қабылдауға арналған.

Бала Қазақстан Республикасының аумағында тек бір ғана жалпы кезекте бола алады. Сондай-ақ, тек бір ғана түзету кезегінде бола алады. Бұл ретте бір уақытта екі өтініштің болуы рұқсат етіледі: бірі – жалпы кезекте, екіншісі – түзету кезегінде.

Бала қазірдің өзінде мектепке дейінгі ұйымға барып жүрген болса да, кезекке қоюға өтініш беруге рұқсат етіледі. Алайда балаға толық 6 (алты) жас толған жағдайда кезекке қоюға тыйым салынады.

Өтініш беру кезінде баланың тұрғылықты жері маңызды емес.

Кезекке қоюға өтініш беруге тек баланың заңды өкілі – ата-анасы немесе қамқоршысы (қорғаншысы) құқылы. Өтініш беруші мен бала туралы мәліметтер «электрондық үкімет» жүйелері арқылы берілген баланың және заңды өкілдің ЖСН-і негізінде автоматты түрде алынады. Туыстық байланыс пен заңды өкілдің құқықтары да автоматты түрде анықталады.

Егер «электрондық үкімет» жүйелерінде қажетті ақпарат болмаса немесе ол дұрыс көрсетілмесе, өтініш беруші тиісті уәкілетті органдарға жүгініп, мәліметтерді өзектендіруі қажет.

Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын өтініш берушілерде ЖСН болған жағдайда ғана кезекке қою туралы өтініш беруге құқығы бар.

Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын балалар ЖСН-і болмаса да кезекке қойыла алады. Бұл жағдайда өтініш беруші баланың туу туралы куәлігінің скан-көшірмесін тіркеуі керек. Ал Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын балалар міндетті түрде ЖСН-ге ие болуы тиіс.

Бала кезекте артықшылықты орынға ие бола алады, егер оның бірінші кезектілік немесе кезексіз (внеочередной) құқығы расталса. Егер мұндай артықшылықтар бар болса, жүйе

оларды автоматты түрде анықтайды. Кезексіз құқықты растау үшін өтініш беруші тиісті құжаттың скан-көшірмесін тіркеуі қажет.

Түзету кезегіне өтініш беру үшін өтініш беруші ПМПК-дан берілген жолдаманың скан-көшірмесін тіркеуі керек.

Кезекке қойылғаннан кейін электрондық өтініштің келесі деректері уәкілетті интернет-порталда ашық түрде қолжетімді болады:

- * кезек нөмірі;
- * өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);
- * баланың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);
- * өтініш берілген күн мен уақыты;
- * мектепке дейінгі ұйымнан орын алу құқығының (кезексіз немесе бірінші кезектегі) бар-жоғы және түрі.

Электрондық өтініш беру арқылы өтініш беруші:

- * көрсетілген барлық ережелермен, сондай-ақ балаларды мектепке дейінгі ұйымдарға кезекке қою және қабылдау саласындағы қолданыстағы заңнама талаптарымен келісетінін және ешқандай қарсылығы жоқ екенін растайды;
- * берілген мәліметтердің дұрыстығы мен өтініш беру ережелерін сақтау үшін жауапкершілік көтереді, ол қолданыстағы заңнама талаптарымен танысқанына немесе таныспағанына қарамастан.